

бұл ақшаны басқа іске жарату тиімдірек екенін ескеріп, генерал-губернаторлықты қажетсіз деп есептеуге болады деп жазған [4, 8-9 б].

Қорытындылай келе, жер мәселесі қазақ халқына өте ауыр тиді. Қазақстандағы жер тапшылығы патшалық жер иелерінің үстінен төніп тұрған қатерді жоюға ұмтыла отырып, Еуропалық Ресейдің халық тығыз орналасқан губернияларынан Дала өлкесінің аумағына мыңдаған шаруалардың қоныс аударуын жандандырған кезеңде шарықтады. Қоныс аудару қоры қазақ халқын күйрету бағасымен құрылды, одан ең жақсы жерлерді алып қою және шөл және шөлейт аудандарға жер аударумен қатар жүрді, соның салдарынан көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы дағдарыс жағдайында болды. Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайларын ескерусіз жерлер алынды, дәстүрлі қазақ шаруашылығын ұйымдастыру ерекшеліктері есепке алынбады, көшіп-қону маршруттары бір түн ішінде емес, табиғи-географиялық жағдайларға ұзақ бейімделу нәтижесінде қалыптасқаны ескерілмеді. Сол себепті, Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары орыс шаруаларын бөтен халықтың есебінен қажетті жермен қамтамасыз ету ниеті жергілікті халықтың наразылығын тудырып және осы шет аймақтардағы жағдайдың шиеленісуіне әкелгенін жеткізуге тырысты. Дума аграрлық мәселені толық шешпесе де, қазақ халқының тарапынан көптеген қадамдар жасалынды.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

- 1 Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - Алматы : Казахстан, 1994. - 160 с.
- 2 Лачаева М.Ю. Тюкавкин В.Г. Великорусское крестьянство и Столыпинская аграрная реформа // Отечественная история, 2002, №3.
- 3 Усманова Д.М. Мусульманские депутаты в Государственной думе Российской империи. 1906-1917: Дис.д-ра ист. наук : 07.00.02 Казань, 2004. - 324 с.
- 4 Букейханов А.Н. Ненужное генераль-губернаторство // Сибирские вопросы. - 8 декабря, 1908 г. №45-46.
- 5 Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.

### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**Ақпанбет Н.Н., PhD, аға оқытушы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр- Сұлтан қ., Қазақстан

Еліміз 1990 жылдардың басында қарама - қайшылықты әрі өзекті мәселелермен бетпе – бет кездесті. Экономикалық дағдарыс терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етті. Осы жылы Қазақстанның экономикалық саясатындағы басымдылық экономиканы ырықтандыру және жаңа қаржы жүйесін қалыптастыруда дербес бюджет, салық және кеден жүйелерін құру болды. 1990 жылы Жоғарғы экономикалық кеңес құрылды. Заң, экономика салаларындағы жас және жаңаша ойлайтын мамандардың басын қосып, жаңа орган басшылығы нарықтық стратегияны дайындады. Қазақстан экономикасының нарықтық моделін құру кезінде көптеген қиыншылықтар кездесті. Тек қана экономикалық жүйені ғана емес, мемлекеттік құрылымды да заман ағымына сай бейімдеу қажет болды[1,172б.].

Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді.

Бірінші кезеңі нарықтақ экономиканың шағын жекешелендіруден басталды. Алғашқы кезеңнің барысында 1991-1992 жылдары 5000-ға жуық нысандар жекешелендірілді, олардың қатарында ұжымдық меншікке берілгендердің саны 470-тен астам болды.

Екінші кезең "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған „Ұлттық бағдарламасы" негізінде жүргізілді. Бұл кезеңнің аса маңызды қадамы мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің біртұтас жүйесі болды. Сол кезде шағын және орта бизнесті дамытуға мүмкіндік берілді. Қызмет көрсету саласында бәсекелестік орта пайда болды.

Үшінші кезең 1995 жылғы желтоқсанда заң күші бар "Жекешелендіру туралы" Жарлықтан басталып, 1999 жылға дейін жалғасты[1,180б.].

Осы сәттен бастап ол тек ақша қаражатында жүзеге асырылды.

Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т.б. Сондай-ақ нарықты экономикаға тән инфрақұрылымның кейбір түрлері биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді.

Алайда, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді. Біріншіден, реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, әдіс-тәсілдері де толық анықталмады. Екіншіден, барлық елдерге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. "Жапондық", "Немістік" тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қоры ұсынған "есенгіретіп емдеу" деп аталатын жолына түсті, Ресейдің соңынан ерді. Үшіншіден, экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалуы арқылы жүзеге асуға тиіс. Ал Қазақстанда қажетті заң жүйесі жасалып бітпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру үкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты. Төртіншіден, қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмады. Бесіншіден, Ұлттық банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары пайызбен сатып, пайда табумен әуестенді. Алтыншыдан, қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейді. Оған жаппай тәртіпсіздік, жауапкерсіздік қосылды. Міне, бұлар реформаны жүргізуде, экономиканы дамытуда өздерінің зиянын тигізді. Жетіншіден, мемлекет басшылары экономикалық дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағалай алмады. Елді дағдарыстан тез арада шығару саясаты жүргізілді, бірақ ол ешқандай нәтиже бермеді.

Сондықтан мемлекет дағдарыстан шығудың жолдарын қарастыра бастады. Оның ең бастысы — бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Қазақстанда ырықтандыру 1992 дейін жоғарылату керек деген ұранмен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғарғы таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті[1,185б.].

Ұлттық валюта теңгені енгізумен 1993 жыл Қазақстанның тәуелсіз экономикасының дамуының басталған уақыты деп есептеуге болады. Әрбіреуі өз ерекшеліктеріне ие тәуелсіз Қазақстан экономикасының дамуын 4 кезеңге: 1993-1995жылдар, 1996-1997жылдар, 1998-2000 жылдар, 2001 жылдан қазіргі уақытқа дейін деп бөлеміз[4,131б.].

Бағаны ырықтандыру, сыртқы сауданы ырықтандыру – оның ерекшеліктері болды. Инфляциялық үрдістердің күшеюі өнімдер айырбасының жаңғыруына, яғни баспа – бас айырбасқа әкеп соқтырды. Ішкі нарықта отын-энергетикалық және шикізат ресурстары бағасының еркін қалыптасуы тетігінің болмауы, олардың экспортын ынталандырды, бірақ мемлекеттік реттеу рөлінің төмендеуі салдарынан валюталық түсім қайтарылмады.

Инвестициялық саясатта, әлеуметтік салада, жаңа басталған жекешендіру үрдісіне, несие алуға айырбас ретінде халықаралық қаржы ұйымдарының қатаң кенестерін ұстау қажет болды. Сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету нысандарын, өзге де қызмет көрсету салаларын жекешелендіру басталды, оған «шағын жекшелендіру» деген анықтама берілді. Бұл нысандардың көбісі саналы түрде банкротқа ұшыратылып, екінші – үшінші қолдарға сатылды, ал жекешелендіру чектері жайдан - жай «күйіп кетті». Алайда бірінсаран кәсіпорындар жаңа иеленушілердің қолына көшкеннен кейін күйзелістен шығып, қана қоймай, сонымен бірге ел экономикасын жанжандырды[2,184-186бб.].

«Ақырындап жылжу» ретінде сипатталған транзиттік кезеңде (1994-1998 жылдар), өкінішке қарай, дәйексіз және кешенді емес түрде жүзеге асырылған дербес макроэкономикалық саясат қалыптаса бастады [2,187б.].

Елбасы, Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуі» және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдаулары негізінде Қазақстанның 2003-2005 жылдарға арналған индустриалдық – инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Бұл бағдарлама 2015 жылға дейінгі жұмыс тетігі деп жоспарлануда.

Кластер – бір салада жұмыс істейтін, олардың үйлесуіне жол салатын, бір – бірімен байланысты және жақын орналасқан кәсіпорындар. Қазақстанда қазіргі уақытта өндіруші өнеркәсіпте кластер әдісі қолданылады. Мысалға, «Қазақмыс» корпорациясын алайық. Мыс өндіру үшін кен өндіріледі, одан ол байытылады, балқытады, соңғы өнім жасайды. Қазір мырыш зауыты, эмаль, құбыр, мыс цехы, сонымен қатар өндіріс бойынша қатарлас – транспорттық жүйе, энергожүйе, өзіне электрэнергиясын тасымалдау және өндіруді қосады, осы құрылымға энергияны алу үшін көмір өндіру де енеді. Әрі қарай қосымша материалдар мен механизмдерді өндіретін машина жасау зауыттары қосылады[1,195б.].

Қазақстанның химиялық және мұнай газ өнеркәсіп кәсіпорындары пластмасса түрлерін, химиялық маталар және жінтер, автокөліктер мен ауыл шаруашылығы көліктеріне доңғалақтар, техникалық бұйымдарын, хромдық қосылулар, кальций карбиді, каустикалық содылар, т.б. шығарады.

Экономиканың басым секторын орта және ұзақ мерзімді төмен пайыздық несиелендірумен қамтамасыз ететін – «Қазақстан даму банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, инновациялық бизнеске қаржылық көмек көрсететін «Ұлттық инвестициялық қор», шикізат емес экспорт саласында жұмыс жасайтын жергілікті кәсіпорындарды және шетелге тікелей тартылатын инвестицияларды сыртқы жағымсыз тәуекелдерден сақтандыратын «Экспорттық несие және инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ жұмыс жасауда[1,197б.].

Эйр Астана – Республикалық ұлттық тасымалдаушысы болып табылатын қазақстандық ірі әуе компаниясы. «Эйр Астана» әуе компаниясы 2001 жылы тіркелді, ал 2002 жылы 15 мамырда Алматы – Астана Boeing 737 NG тұңғыш рейсін орындады. «Эйр Астана» АҚ – Халықаралық әуе транспорты ассоциациясының толыққұқылы мүшесі және EASA 145 Бөлім директивасының талабы бойынша әуе кемелерін техникалық қызмет көрсетуді орындауға Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігімен сертификатталған Қазақстандағы жалғыз тасымалдаушы. Сонмен қоса, компания Қауіпсіздікті пайдалану бойынша халықаралық аудитінен (IOSA) сәтті өтті[3,43б.].

2003-2007 жылдары өндіріс саласында қалыптасқан жағдайда құрылыс, қаржы, көлік және телекоммуникациялық қызметтер, сауда қарқынды дамыды.

2005 жылы 18 қыркүйекте Қазақстанда миллиард тонналық мұнай өндірілді. Шетелдік инвесторлардың өз қаражатын дәл осы мұнай-газ саласына тартуы да себепсіз емес. Бұл салада: «Теңізшевройл» ЖШС, сондай-ақ көмірсутегін іздеу және барлау жұмыстарымен айналысатын компаниялардың консорциумдері Қарашығанакта «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.», Касийде «Аджип КО», «СНПС – Ақтөбемұнайгаз» ААҚ, «РД ҚазМұнайГаз» АҚ, «Манғыстаумұнайгаз» ААҚ, «Қаражанбасмұнайгаз» АҚ жер қойнауы байлығын игерін келеді [2,244б.].

2007 жылы ақпанда Талдықорған қаласының шығысында «Метакон ТК» ЖШС – і зауытында 35-1150 кв-тық жоғары кернеулі электрөткізгіш желісі үшін мырышпен капталған металды тіректердің барлық түрлерін шығаратын автоматтандырылған жаңа жүйе іске қосылды[1,198-199бб.].

2009 жыл 10 желтоқсан «Lokomotiv Leasing» ЖШС конвейерінен «Evolution» тепловозы шығарылды. Кәсіпорын басшылығы қойған алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі – толымдаушыларды құрастырудан өндіріске өту және әрбір тепловозда қазақстандық құрылымның болуын көбейту[3,39б.].

Қазақстан Республикасының Елбасы өзінің 2010 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында былай деп атап кетті: «Жол картасы - 2009» бағдарламасын табысты іске асырудың арқасында ел өңірлерінде ТКШ-ны реконструкциялау жөнінде 862 жоба іске асырылып, 737 шақырым электр желісі, 1029 шақырым сумен жабдықтау желілері, 284 шақырым жылу трассасы, автожолдар, жүздеген мектептер мен ауруханалар, мәдениет пен спорт нысандары жөнделді[2,234б.].

2011 жылғы 21 қаңтарда Алматы облысының Талғар ауданында Алматы қаласының халықаралық әуежайына жақын жерде жүк автомобильдері мен Hyundai автобустарын құрастыру бойынша зауыттың ашылуы болды.

Зауыттың ашылуы елуден артық жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді, 2015 жылы компания өндіріс пен автомобильдерге қызмет көрсетуге жұмыс істейтін тағы да екі жүзден артық қосымша жұмыс орнын құруды жоспарлап отыр[3,24б.].

Алдымызда, дипломаттардың алдында тұрған мәселелерге айрықша мән беруіміз керек. Заманның қазіргі беталысы бізге басқа талаптар қоюда. Ендеше, дипломатиялық қызмет жұмысын жаңаша жүргізе отырып, жақсарта түсудің маңызы барлығымыз үшін өте зор,- деді Елбасы[5,1б.].

Қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Біздің мемлекет тәуелсіздіктің отыз жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазіргі Қазақстан тарихы. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.,М., Махат Д.А. Алматы:Раритет, 2010.- 129-347бб.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том.- Алматы: «Атамұра», 2010, - 187-244бб.
3. Қазақстанның жаңа тарихы: тұрақты Қазақстан. Үш томдық. Т.З./ т.ғ.д.,проф.Б.Аяғанның редакциясымен. – Алматы, 2012.-24б.
4. Н.Назарбаев. Қазақстан халқы Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы (қазақ және орыс тілдерінде) Астана: «Елорда», 2005. – 131б.
5. Егемен Қазақстан. Астана, №22(28750). 4.04.2016.-1б.